

## Тең мүмкіндіктер ережесі

КИМЭП Университеті өз алуан түрлі қоғамдастықтың барлық мүшелері үшін әділ және инклюзивті ортаны қамтамасыз етуге міндеттенеді және этникалық немесе ұлттық тегіне, нәсіліне, жынысына, жасына, жеке сеніміне, әлеуметтік-экономикалық негізіне, жыныстық бағдарға, жұмыс немесе оқу талаптарына байланысты емес физикалық немесе психологиялық мүгедектікке байланысты кез-келген адамға қатысты кемсітушілік пен қысымға тыйым салады.

Бұл ереже барлық жеңілдіктерге, құқықтар мен іс-әрекеттерге жарамды болады және барлық оқуға тарту және қабылдау, шәкіртақы төлеу, орналастыру, оқытуда қолдау көрсету саясатына және жұмысқа тарту, жалдау, көтермелеу, жұмыстан босату, өтемақы мен жәрдемақыларды төлеуді қамтитын барлық жұмысқа қатысты шешімдерге қолданылады.

Осы ереженің талабы бойынша студенттердің университетке түсу және академиялық деңгейлерден өту тек қана олардың жеке басты академиялық қасиеттері мен оқу үлгерімімен анықталады. Университет қызметкерлеріне қатысты – жұмысқа алу және қызмет бабында көтерілу тек қызмет ету барысында жеке басты еңбегімен және әрбір нақты лауазымға лайықты қызмет міндеттері мен шарттарына қатысты бағалау критерийлері мен біліктілік талаптарымен анықталады.

Университеттің ешбір студенті, талапкері, қызметкері немесе қызметке орналасуға үміткері басқалармен салыстырғанда артықшылығы бар немесе жоқ тұлғалар тобына жату белгісі бойынша қолайсыз қарауға тап болмау керек.

Егер оқуға қабылданатын немесе қабылданған, не қызметкер ретінде тағайындалған кез-келген тұлға, жоғарыда аталған топтардың кез-келгеніне қатысу себебінен жоғары оқу орнына қабылдау және тіркеу, немесе қызметке процесінде заңсыз кемсітушілікке, қудалауға немесе виктимизацияға ұшыраған деп есептесе, ол шағымдар мен арыздарды тапсыру және қарастырудың келісілген процедуралары арқылы, немесе кемсіту мен алымсақтыққа қарсы іс-қимыл тәртібі арқылы, тиісті жағдайларда байланысты шағым жасай алады. Университет осы Ережені бұзатын мінез-құлықтың алдын-алу, және, қажет болған жағдайда, ондай мінез-құлықты тәртіптік түрде жазалау үшін керекті әрекеттердің барлығын қолданғады.